

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректор
Тиреуов Қ.М.
2025 ж. № 18 хаттама



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M04104 «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету»




Білім беру саласының жіктеуі мен коды: 7M04 Бизнес, басқару және құқық

Даярлау бағыттарының жіктеуі мен коды: 7M041 Бизнес және басқару

Білім берудің халықаралық стандартты жіктеу коды: 0410

Берілетін дәреже: «7M04104-Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистрі

Академиялық комитет:

№	ТАЖ	Ғылыми дәрежесі, атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
1	Байдаков А.К.	э.ғ.к., профессор	«Есеп және қаржы» кафедрасының профессоры м.а., комитет төрағасы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
2	Спатаева С.Б.	PhD	«Есеп және қаржы» кафедрасының аға оқытушысы	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
3	Шайкенова Н.Т.	PhD	«Есеп және қаржы» кафедрасының қауымд. профессоры	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	
4	Есетов О. О.	э.ғ.м.	Ішкі аудит қызметінің жетекшісі	«KEGOC» АҚ	
5	Алиева В. И.	ф.ғ.к.	Басқарма төрайымы	«Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» БҚҰ	
6	Нурушев С.Х.	э.ғ.м.	Бухгалтер, БББ 2024 жылғы түлегі	Астана қ. № 93 «Мектеп-лицей	
7	Базарбай Ә.К.		БББ 1 курс магистранты	С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ	

Білім беру бағдарламасы жұмыс беруші өкілдерімен келісілген:

№	ТАЖ	Қызметі	Жұмыс орны	Қолы мен мөрі
1	Алиева В.И.	Басқарма Төрағасы	БКҰ «Кәсіби бухгалтерлер лигасы»	

Академиялық комитет «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректордың 12.12.2024 ж. №1.8.1-3/435-н бұйрығымен бекітілген.

7М04104 «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру
бағдарламасы:

«Есеп және қаржы» кафедрасының отырысында талқыланған, «03» 03 2025 ж. № P
хаттама.

Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің отырысында талқыланған,
«05» 03 2025 ж. № P хаттама.

Университеттің Академиялық Кеңесінің отырысында талқыланған, «19» 03 2025 ж.
№ 7 хаттама.

БББ төлқұжатын жаңарту күні: «___» _____ 2025 ж.

Мазмұны

№	Бөлімшелер атауы	
1.	Нормативтік сілтемелер	5
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	8
4.	Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)	10
5.	Кәсіби практикаларды өту базасы	13
6.	Білім беру бағдарламасының құрылымы	14
7.	Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік матрицасы	15

1. Нормативтік сілтемелер

БББ әзірлеу барысында келесідей нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;
3. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары" (бұдан әрі – МЖМБС);
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары";
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидалары";
7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі";
8. "Қашықтықтан оқыту бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;
9. Еуропалық аударым және жинақтау жүйесін (ECTS) пайдалану жөніндегі Нұсқаулық;
10. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG) жоғары білім сапасын қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары;
11. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық;
12. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығымен бекітілген "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және одан шығару негіздері".
13. «Бухгалтер» кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрығымен бекітілген;
14. «Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің 2024 жылғы 8 қарашадағы №4 хаттамасымен бекітілген;
15. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген.

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Білім беру бағдарламасының мақсаты – бухгалтерлік есеп, аудит, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары мен қаржылық құқық облысында жоғары құзыреттіліктерге ие экономика ғылымдарының магистрлерін дайындау.

Бағдарлама шаруашылық үрдістері туралы ақпараттарды жинаудың, өңдеу мен ақпаратты ұсынуудың заманауи әдістерін меңгерген, тәжірибеде қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен аудитті жүргізудің әртүрлі бағдарламаларын игерген, экономикалық субъектілердің қызметін құқықтық реттей алатын, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мен педагогикалық қызметті жүзеге асыру дағдысы бар білікті бухгалтерлер мен аудиторларды дайындауға бағытталған.

Бағдарлама қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептің әдіснамасы мен ұйымдастырылуы, экономикалық субъектілердің қызметін құқықтық реттеу, дағдарыс жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау бойынша кешенді білім мен практикалық дағдыларды алуды қамтамасыз етеді.

Магистрлік бағдарламаны іске асырудың жаңашыл тәсілі магистрлердің негізгі экономикалық пәндерді базалық және арнайы заң курстарымен органикалық үйлесімде жоғары деңгейде жан-жақты кәсіби игеруін көздейді.

7M04104 «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы жаңа кезеңнің бағдарламасы болып саналады және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып ҚР Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында келесі құжаттардың талаптары ескерілді: «Бухгалтер» кәсіби стандарты (КС) (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрығы); «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген); «Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ) (2024 жылғы 8 қарашадағы Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы кәсіби біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің №4 хаттамасы); Бухгалтерлердің халықаралық федерациясының IES 2 «Кәсіби бухгалтерлік білім беру бағдарламаларының мазмұны» Халықаралық білім стандарты мен Сертификатталған кәсіби бухгалтерлердің ассоциациясының АССА (*Association of Chartered Certified Accountant*) Бағдарламасының талаптары.

Білім беру бағдарламасын игерген түлектердің кәсіби қызметіне сәйкес келетін КС мен СБШ тізімі

N	СБШ, КС атауы, бекітілу мерзімі	Ұсынылатын лауазым атаулары
1	«Қаржы-экономикалық қызмет саласы: есеп, аудит және салық салу» салалық біліктілік шеңбері (СБШ) , 2024 жылғы 8 қарашадағы №4 хаттама (СБШ 7 деңгейі)	Бухгалтерлік есеп жөніндегі басшы (бас бухгалтер), Бас аудитор
2	«Бухгалтер» кәсіби стандарты (КС) 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1340 бұйрық (СБШ 7 деңгейі)	Бухгалтерлік есеп жөніндегі басшы (бас бухгалтер); Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: Бас бухгалтер; Қаржы талдаушысы; Қаржы директоры.
3	«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандарты (КС) 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрық (СБШ 7 деңгейі)	1) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, ассистент; 2) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, аға оқытушы / сеньор-лектор.

2.2 Оқыту нәтижелері

«Бухгалтер» кәсіби стандартына сәйкес, аталған кәсіпке тән еңбек функциялары келесілерді қамтиды:

Міндетті еңбек функциялары:

1. Бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізуді шоғарландырылған қаржылық есептелікті салықтық есептерді және компания декларацияларын жасауды ұйымдастыру жоспарлау үйлестіру және бақылау.

2. Басқару есебін жүргізу қатысты сапалы жоспарлау, шешім қабылдау мақсатында сандық ақпарат жұмыс нәтижелерін бағалау және бақылау.

Қосымша еңбек функциялары:

1. Ішкі бақылауды (ішкі аудитті) бағалау үшін сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасау.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы)» кәсіби стандартына сәйкес, аталған кәсіпке тән еңбек функциялары келесілерді қамтиды:

Міндетті еңбек функциялары:

1. Оқыту.

2. Ғылыми зерттеулер жүргізу.

3. Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру.

4. Білім алушы жастарды әлеуметтендіру.

Қосымша еңбек функциялары:

1. ЖЖОКБҰ стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл.

Бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін 7M04104 "Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету" БББ бойынша экономика ғылымдарының магистрлері келесідей қабілеттіліктерді көрсете алады:

ОН 1. Дайындалған бағдарламаға сәйкес өз бетінше зерттеулер жүргізу, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамдастыққа мультимедиялық құралдарды қолдана отырып мақала, диссертация, баяндама немесе презентация түрінде ұсыну.

ОН 2. Бастамашылық іс-әрекеттерге бару мен жетекшілік қасиеттерін көрсету, өзін-өзі дамыту мен тұлға ретінде өсу.

ОН 3. Жүйелік талдау негізінде мәселелі жағдайларды талдау мен әрекет ету стратегияларын дайындау.

ОН 4. Бухгалтерлік есептің түрлі әдістерін қолдану, бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып шаруашылық субъектілерінде есептік-аналитикалық, бақылау бөлімшелерін (топтарын) ұйымдастыру мен басқару.

ОН 5. Ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерінің бухгалтерлік есепте, қаржылық және салық есептілігінде дұрыс бейнеленуі бойынша туындаған сұрақтарды арнайы экономикалық, әкімшілік және арбитраждық соттарда қорғай алу.

ОН 6. Басқару шешімдерін қабылдаудың қалыптасқан әдістерінің тиімділігі мен нәтижесін негіздеу.

ОН 7. Отандық және шетелдік зерттеушілермен анықталған ғылыми зерттеулерді жалпылау мен сыни бағалау, зерттеудің перспективалық бағыттарын анықтау мен зерттеу бағдарламасын дайындау.

ОН 8. Жоғары және қосымша білім беру жүйесінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру.

ОН 9. Заманауи қарым-қатынас пен ақпараттық технологияларды қолдану, шет тілін кәсіби және зерттеу қызметін жүзеге асыруға жеткілікте деңгейде меңгеру.

ОН 10. Бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып сыртқы аудиторлық тексерісті жүргізу мен кәсіпорында ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру.

3. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

Бүгінгі күні 7M04104 «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы заңнамадағы орын алып отырған өзгерістер мен шағын және орта бизнестің даму шарттарына байланысты ерекше өзектілікке ие болып отыр. Күрделі экономикалық жағдайда бірнеше кәсіби облыста айрықша құзыреттіліктерге ие мамандар өте қажет. «Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету» бағдарламасы құқық облысындағы білімі бар осындай кәсіби бухгалтерлерді дайындайды.

Оқытудың айрықша ерекшеліктері:

- бағдарламаның интеграцияланған сипаты ұйымның сыртқы және ішкі ортасының факторларын объективті бағалауға, экономикалық субъектіні дамытудың тактикалық және стратегиялық міндеттерін қалыптастыруға, оның экономикалық және қаржылық саясатын әзірлеуге қабілетті магистрлердің кәсіби және мінез-құлық құзыреттерінің негізін құрайды;

- Халықаралық бухгалтерлер Федерациясы (IFAC-International Federation of Accountants) әзірлеген және БҰҰ Сауда және даму кеңесімен (UNCTAD) келісілген кәсіби бухгалтерлер үшін халықаралық білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігі;

- бухгалтерлік есеп пен қаржылық құқық облысындағы магистранттардың теориялық білімдерін практикалық дағдыларға айналдыруға мүмкіндік беретін интерактивті әдістерді, инновациялық технологияларды, заманауи автоматтандыру құралдарын пайдаланумен қамтамасыз етілетін оқытудың тұрақты жоғары сапасы.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында бухгалтерлік есепті үлгілеу, төлем-есеп айырысу операцияларының электронды жүйелері, шаруашылық субъектілерінің қаржылық қызметінің аудиті мен құқықтық қамтамасыз ету бойынша айрықша ғылыми және білім беру құралдары қолданылады.

7M04104 "Бухгалтерлік есеп және бизнесті құқықтық қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасының **бәсекелестік артықшылықтары** бухгалтерлік-аудиторлық қызметті дамыту теориясы мен практикасының әлемдік трендтерін көрсететін пәнаралық сипаттағы оқу курстарын ұйымдастыру; нақты құқықтық жағдайларды шешу, қаржы және салық салаларында құқық қолданудың қайшылықты мәселелерін талқылау, имитациялық құқықтық процестер мен іскерлік ойындар жүргізу; пәндерді жүргізу болып табылады бағдарламаға мемлекеттік құрылымдарда және бизнес-корпорацияларда жұмыс тәжірибесі мол заңгер-практиктер тартылады.

Экономика ғылымдарының магистрі бағдарламаны игергеннен кейін экономикалық субъектілердің қызметінің есебі қалай әрекет етуі мен жүргізілуін ғана емес, ол қызмет тиімділігіне аудиторлық баға беруге дайын, бизнесті дамыту мен қолдауға қажетті құқықтық негіздерді меңгереді.

Білім беру бағдарламасын дайындау мен жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестер ретінде келесі ұйымдар қатысады: «Қазақстан бухгалтерлері мен бухгалтерлік ұйымдарының одағы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, «Кәсіби бухгалтерлер Лигасы» кәсіби бухгалтерлер ұйымы, "Аудит және бағалау" ЖШС, "Корпорация АПК-Инвест" ЖШС, "Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасы" кәсіби аудиторлар ұйымы.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ оқытушылары (ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD, ҚР Кәсіби бухгалтері сертификаттарының иегерлері, CAP, CIPA, ACCA DipIFR, Салық кеңес берушілері), өндірістен (экономиканың түрлі секторындағы кәсіпорындардың бас бухгалтерлері, қаржылық директорлары, аудиторлар мен қаржы саласының мамандары) тәжірибелі және білікті мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

Оқу үрдісінде келесі арнайы бағдарламалық өнімдер белсенді түрде қолданылады: деректерді статистикалық талдау үшін IBM SPSS (оқу пәндері: Статистика, Әлеуметтік-экономикалық статистика); жобаларды экономикалық талдау үшін Project Expert (пәндер Project Expert жүйесінде жобаларды талдау, Жобаларды талдау), кәсіпорынның қызметін қаржылық талдау үшін Audit Expert (пәндер Аудит, Экономикалық талдау), MatLab математикалық оңтайландыру және шешім қабылдау үшін, 1С-Бухгалтерия 8.3.

Бағдарламаның түлектері түрлі деңгейдегі мемлекеттік және аймақтық құрылымдарда, консалтингтік және аудиторлық фирмаларда, банктер, инвестициялық және сақтандыру

компанияларында, ғылыми ұйымдар мен институттарда, білім беру мекемелерінде кәсіпорын басшысы, бас бухгалтер, қаржылық директор, сыртқы не ішкі аудитор, қаржылық кеңес беруші, ғылыми қызметкер қызметін атқарады. Әлеуетті жұмыс берушілер-әртүрлі салалар мен меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдар; мемлекеттік қаржы, салық және бақылау-тексеру органдары; аудиторлық және консалтингтік фирмалар; ғылыми-зерттеу мекемелері; жоғары оқу орындары және т. б.

4. Түлектің құзыреттілік үлгісі (бейнесі)

Магистратура бағдарламасын меңгерген түлектер ұйымдастыру-басқарушылық, жобалау-экономикалық, аналитикалық және ғылыми-зерттеу қызметімен айналыса алады.

4.1 Кәсіби қызмет аясы

1. Бизнес және әкімшілендіру саласындағы мамандар:

Бухгалтерлік есеп жөніндегі басшы (бас бухгалтер); Кәсіптің басқа ықтимал атаулары: Бас бухгалтер; Қаржы талдаушысы; Қаржы директоры.

2. Жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру және ғылым саласында ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу, ағартушылық қызмет: 1) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, ассистент; 2) Білім беру саласындағы, ЖЖОКБҰ оқытушы, аға оқытушы / сеньор-лектор.

Дағдылар мен біліктерге қойылатын талаптар:

Міндеттер мен мәселелерді шешуге жауапкершілік.

Идеяларды бастапқы дамыту немесе қолдану үшін негіз немесе мүмкіндік болып табылатын білім мен түсінікке негізделген және одан тыс және/немесе дамытушы білім мен түсінікті көрсетеді, көбінесе ғылыми зерттеулер аясында. Зерттелетін саламен байланысты кеңірек (немесе пәнаралық) салалардағы жаңа немесе бейтаныс жағдайлар мен контексттердегі мәселелерді шешу үшін білімді, түсінікті және қабілетті қолданады. Білімді біріктіреді, қиындықтарды женеді және осы пайымдаулар мен білімді қолдану үшін этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде үкім шығарады. Өз қорытындылары мен білімдері мен олардың негіздемесін мамандарға және мамандарға емес, мамандарға анық және анық хабарлайды. Оқуды өз бетінше жалғастырады.

Тұжырымдамалардың негіздемесін қалыптастыру және оларды таныстыру, күрделі мәселелерді шешу үшін сараптама жүргізу және функционалдығы жағынан ең оңтайлы шешімдерді енгізуді қамтамасыз ету дағдыларын көрсетеді.

Инновациялық тәсілдерді, тұжырымдамалар мен қызмет стратегияларын құру әдістерін қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды шешу үшін қабылдайды және жауап береді.

Аудиторлық (оның ішінде талдамалық) рәсімдерді қолдану дағдылары бар. Келіссөздер жүргізу, жанжалды жағдайларды басқару, өзгерістерді басқару дағдылары, сондай-ақ алаяқтықты анықтау дағдылары.

Білімге қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын: бухгалтерлік есеп, салық салу, еңбек, зейнетақымен қамсыздандыру, Әлеуметтік және медициналық сақтандыру, мемлекеттік сатып алу, аудиторлық, қаржылық қызмет, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары және кәсіптік қызмет саласында қажетті басқа да заңнаманы терең білу.

Халықаралық Есеп және аудит стандарттарын терең білу.

Тұжырымдамаларды, стратегияларды, іс-әрекет пен өзара әрекеттестіктің функционалдық модельдерін құру әдістемелері, міндеттер мен проблемаларды қою және жүйелі шешу тәсілдері туралы білім.

Белгілі бір саладағы және/немесе облыстар мен салалардың түйіскен жеріндегі кәсіби білім (оның ішінде инновациялық) мен тәжірибе синтезі.

Кәсіпорындардың жұмыс ережелерін, нормативтік-құқықтық актілерді, тәсілдерді, кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасын, басқару шешімдерін қабылдау тәсілдерін, ұжымдық және командалық білім беру, еңбекті ұйымдастыру және басқару принциптерін білу.

Стратегиялық тәсілдерді қолдана отырып, міндеттер мен мәселелерді шешу жолдарын анықтау.

Тәуекелдерді басқару негіздерін білу, ішкі бақылау жүйесін түсіну. Тәуекелдерді қалай өлшеуге, азайтуға және басқаруға болатындығын түсіну.

Корпоративтік басқару негіздерін білу. Психология негіздерін білу. Іскерлік этика негіздерін және еңбекті қорғау талаптарын білу. Озық пайдаланушы деңгейінде цифрлық сауаттылықты білу.

4.2 Кәсіби қызмет бағыттары

Қаржы-экономикалық саладағы кәсіби қызмет түрлері:

– *жоспарлау, есепке алу және бақылау*: шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің есептеулерін жүргізу үшін бастапқы деректерді жинау; қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескере отырып, үлгілік әдістемелер негізінде экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің есептеулерін жүргізу; әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар, ведомстволар жоспарларының экономикалық бөлімдерін әзірлеу; негізгі субъектінің активтерінің, міндеттемелерінің және капиталының болуы мен қозғалысын есепке алу және оның шаруашылық-қаржылық қызметінің нәтижелерін айқындау; статистикалық зерттеулер, сауалнамалар, сауалнамалар жүргізу және олардың нәтижелерін бастапқы өңдеу; бухгалтерлік есеп, аудит немесе экономикалық талдау саласындағы жобалық шешімдерді әзірлеуге, әзірленген жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстар мен іс-шараларды дайындауға қатысу және бағдарламаларды талдау; шаруашылық жүргізу құқығын қабылдау мақсатында есептік және есепті ақпаратты талдамалық өңдеу;

– *өндірістік-басқарушылық*: стратегиялық жоспарлау нәтижелеріне қол жеткізуді ескере отырып, бөлімше немесе ұйым деңгейінде нәтиже үшін жауапкершілікті қабылдай отырып, қызметкерлердің (топтың) қызметіне басшылық жасау; процесті жетілдіру бойынша шешімдерді талдау және әзірлеу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әртүрлі әдістерді (оның ішінде инновациялық) пайдалану; бөлімше немесе ұйым қызметінің стратегиясын айқындау; кәсіби мәселелер бойынша қолайлы шешімдерге қол жеткізу үшін келіссөздер жүргізу; нақты кәсіпорын үшін тиімді есеп саясатын таңдау негізінде есепке алу мен есептіліктің ұтымды жүйесін әзірлеу; кәсіпорындар мен мекемелердің бухгалтерлік қызметі мен талдамалық бөлімшелерінің қызметін басқару мен жетілдіруді ұйымдастыру мәселелері бойынша шешімдер дайындау және қабылдау;

– жоғары білім беру, жоғары білім беруден кейінгі білім беру және ғылым саласында *ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу, азартушылық қызмет*: білім алушылардың академиялық құзыреттерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету; ғылымның, жоғары білімнің және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету; ЖОО макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету; студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерілету; ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау.

4.3 Базалық (академиялық және әлеуметтік-тұлғалық) құзыреттіліктер

Осы білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде экономика ғылымдарының магистрлері келесідей академиялық және әлеуметтік-тұлғалық құзыреттерді игеріп, дамытуы тиісті:

Қоғамдық өмірдегі ғылым мен білімнің рөлі туралы; ғылыми танымның дамуындағы қазіргі тенденциялар туралы; жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдардың өзекті әдіснамалық және философиялық мәселелері туралы; жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі туралы; жаһандану процестерінің қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы **түсінікке ие болу**.

Жүйелі талдаудың әдістері мен құралдары; ғылыми таным әдіснамасы; ғылыми қызметті ұйымдастырудың принциптері мен құрылымы; оқу процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетінің психологиясы; оқытудың тиімділігі мен сапасын арттырудың психологиялық әдістері мен құралдарын **білу**.

Оқу және ғылыми әдебиеттермен, статистикалық ақпаратпен өз бетінше жұмыс істеу; ұжымда жұмыс істеу; диалектикалық ойлау және өз көзқарасын қорғау; алған білімдерін ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды өзіндік дамыту және қолдану үшін пайдалану; процестер мен құбылыстарды талдаудың қолданыстағы тұжырымдамаларын, теориялары мен тәсілдерін сыни тұрғыдан талдау; әртүрлі салаларда алған білімдерін интеграциялау. жаңа беймәлім жағдайларда зерттеу міндеттерін шешу үшін; жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы туралы білімдерін өзінің педагогикалық қызметінде қолдану; оқытудың интерактивті әдістерін қолдану; заманауи ақпараттық технологияларды тарта отырып, ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыс жүргізу; ғылыми зерттеулер жүргізуге және арнайы пәндерді оқытуды

жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейде шет тілін еркін меңгеру; ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін қорытындылай алу.

Ғылыми-зерттеу қызметі, стандартты ғылыми міндеттерді шешу; кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру; кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі; білім беру процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану; кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық коммуникация; шешендік өнер, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және қисынды ресімдеу; кәсіби қызметке және докторантурада білім алуды жалғастыруға қажетті білімдерді дамыту және тереңдету дағдыларының болуы.

Ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында; жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; қазіргі заманғы білім беру технологиялары мәселелерінде; кәсіби саладағы ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда; білімді үнемі жаңартып отыруды, кәсіби дағдылар мен дағдыларды кеңейтуді қамтамасыз ету тәсілдерінде құзыретті болу.

4.4 Кәсіби құзыреттіліктер

Осы бағдарламаны сәтті меңгергеннен кейін түлектер келесідей кәсіби дағдыларды көрсете алады:

ON 1. Дайындалған бағдарламаға сәйкес өз бетінше зерттеулер жүргізу, жүргізілген зерттеулер нәтижесін ғылыми қоғамдастыққа мультимедиялық құралдарды қолдана отырып мақала, диссертация, баяндама немесе презентация түрінде ұсыну.

ON 2. Бастамашылық іс-әрекеттерге бару мен жетекшілік қасиеттерін көрсету, өзін-өзі дамыту мен тұлға ретінде өсу.

ON 3. Жүйелік талдау негізінде мәселелі жағдайларды талдау мен әрекет ету стратегияларын дайындау.

ON 4. Бухгалтерлік есептің түрлі әдістерін қолдану, бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып шаруашылық субъектілерінде есептік-аналитикалық, бақылау бөлімшелерін (топтарын) ұйымдастыру мен басқару.

ON 5. Ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерінің бухгалтерлік есепте, қаржылық және салық есептілігінде дұрыс бейнеленуі бойынша туындаған сұрақтарды арнайы экономикалық, әкімшілік және арбитраждық соттарда қорғай алу.

ON 6. Басқару шешімдерін қабылдаудың қалыптасқан әдістерінің тиімділігі мен нәтижесін негіздеу.

ON 7. Отандық және шетелдік зерттеушілермен анықталған ғылыми зерттеулерді жалпылау мен сыни бағалау, зерттеудің перспективалық бағыттарын анықтау мен зерттеу бағдарламасын дайындау.

ON 8. Жоғары және қосымша білім беру жүйесінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру.

ON 9. Заманауи қарым-қатынас пен ақпараттық технологияларды қолдану, шет тілін кәсіби және зерттеу қызметін жүзеге асыруға жеткілікте деңгейде меңгеру.

ON 10. Бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби этикасының талаптарын сақтай отырып сыртқы аудиторлық тексерісті жүргізу мен кәсіпорында ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру.

5. Кәсіби практикаларды өту базасы

Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

- 1) Базалық пәндер циклінде педагогикалық практика – ЖОО-да;
- 2) Бейіндеуші пәндер циклінде зерттеу практикасы – диссертация орындалатын жерде.

Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Педагогикалық практика негізген «Есеп және қаржы» кафедрасының базасында ұйымдастырылады. Бұл ретте ЖОО қалауы бойынша магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылады. Оның негізгі кезеңдері:

1. Танысу кезеңі: педагогикалық тәжірибені жоспарлау. Ғылыми-әдістемелік кезең: магистранттың тәжірибесі, оқытушылардың дәрістеріне қатысу.
2. Педагогикалық кезең; магистранттың оқытушылармен бірлескен әрекеті.
3. Ғылыми-педагогикалық кезең: инновациялық технологиялармен танысу, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ЖОО да есептік пәндерді оқытудағы заманауи әдістер мен әдістемелерді меңгеру.

Магистранттың **зерттеу практикасы** отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді.

Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық жұмыс тақырыбымен анықталады. Зерттеу практикасының формалары мен мазмұны:

- анықтамалық-библиографиялық жүйелерді, ақпаратты іздеу тәсілдерін зерттеу;
- библиографиялық анықтамалықтармен жұмыс істеу, ғылыми-библиографиялық тізімдер жасау, ғылыми жұмыстарда библиографиялық сипаттамаларды пайдалану дағдыларын игеру;
- отандық және шетелдік кітапхана қорларының электрондық дерекқорларымен жұмыс;
- диссертацияның таңдалған тақырыбына сәйкес эмпирикалық зерттеу базасымен жұмыс (эмпирикалық зерттеу бағдарламасы мен жоспарын құру, эмпирикалық зерттеу міндеттерін қою және тұжырымдау, эмпирикалық зерттеу объектісін анықтау, эмпирикалық зерттеу әдісін таңдау, эмпирикалық деректерді жинау және талдау әдістерін зерттеу);
- диссертация тақырыбына байланысты статистикалық және социологиялық зерттеулер;
- сауалнама және сұхбаттасу әдістемелерін игеру (сауалнама жасау, сауалнама жүргізу, нәтижелерді талдау және жалпылау);
- бақылау, эксперимент және модельдеу әдістерін игеру;
- ғылыми пікірталас, оның ішінде жария пікірталас өткізу үшін дәлелдер дайындау;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі шеңберінде ғылыми зерттеулерді жалғастыру үшін магистранттың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін жинақтау және дайындау.

Білім алушыларды тәжірибелік дайындау үшін кафедрада практиканың барлық түрлеріне әдістемелік нұсқаулықтар дайындалған, әртүрлі меншік нысанындағы жетекші кәсіпорындармен белсенді ынтымақтастық орнатылған: «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» АҚ, «Кәсіпкерлікті дамыту қоры «ДАМУ» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылым Комитетінің экономика Институты, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «ҚазТемірТранс» АҚ, «Синергия-Аудит» ЖШС және т.б.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және дайындық бағыттары бойынша тиісті жағдайлар жасау үшін кафедрада аграрлық дамудың экономикалық проблемалары орталығы (АДЭПО) жұмыс істейді. Ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін магистранттар экономикалық проблемалар орталығының материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік базасын: әдістемелік кабинетті, статистикалық және талдамалық деректер базасын, мамандандырылған бағдарламалар белгіленген компьютерлік сыныпты: Project Expert - бизнес-жоспар әзірлеуге және инвестициялық жобаларды бағалауға арналған бағдарлама; Audit Expert – кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау үшін бағдарлама пайдалануға мүмкіндік алады; SPSS – статистикалық талдауға арналған бағдарламалар пакеті; MATLAB–өндірістік-экономикалық процестерді басқару бойынша шешімдерді модельдеу және оңтайландыру үшін.

6. Білім беру бағдарламасының құрылымы

№	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		сағат	кредит
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	2640	88
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	Ғылым тарихы мен философиясы	150	5
	Шет тілі (кәсіби)	150	5
	Жоғары мектептің педагогикасы	90	3
	Басқару психологиясы	150	5
	Педагогикалық практика	60	2
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
	Бизнес-аналитика	150	5
	Талдаудың сандық тәсілдері		
	Ғылыми зерттеулер әдіснамасы	150	5
	Бухгалтерлік есеп пен аудиттің заманауи мәселелері		
	Қаржылық менеджмент және қаржылық талдау	150	5
	Кешенді экономикалық талдау		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	1590	53
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	1140	38
	Қазіргі бизнес-құрылымдардағы басқару есебі	150	5
	Қаржылық есептіліктің ұлттық үлгілері және халықаралық стандарттары	150	5
	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп	270	9
	Бизнес-үрдістердің ішкі аудиті	150	5
	Коммерциялық құқық	150	5
	Зерттеу практикасы	270	9
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
	Салық есебі мен аудитінің теориясы мен тәжірибесі	120	4
	Заманауи бухгалтерлік есеп, талдау мен аудиттегі компьютерлік технологиялар		
	Қаржылық есептілік аудиті	180	6
	Аудиттің халықаралық стандарттары және оларды ҚР-да қолдану тәжірибесі		
	Корпоративті басқару жүйесіндегі комплаенс	150	5
	Бизнестегі заңтану		
2	Ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын МҒЗЖ	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	240	8
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	240	8
	Барлығы	3600	120

7. Оқу пәндері арқылы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастырылатын қолжетімділік матрицасы

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (коллары)									
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10
Базалық пәндер циклы Жоғары оқу орны компоненті (20 кредит)													
1	Ғылым тарихы мен философиясы	Зерттеуге әдістемелік және диалектикалық көзқарас дағдыларын қалыптастырады, философиялық білімді жинақтайды, тарихи даму мәселелері мен құрылымын зерттейді, ғылыми танымның заңдылықтары мен тенденцияларын талдайды, ғылыми - зерттеу жұмысының нәтижелілігін жүйелейді.	5			v							
2	Шет тілі (кәсіби)	Білім алушылар арасында халықаралық ғылыми қызметке интеграциялануға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілік пен ғылыми жазу мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде шет тілді коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады, мамандық бойынша ғылыми-тұжырымдамалық аппаратты еркін басқаруға, ғылыми-ақпараттық базаны кеңейтуге, кең ғылыми білімді меңгеруге, кәсіби және ғылыми қызметтің перспективалық бағыттарын анықтай білуге мүмкіндік береді.	5									v	
3	Жоғары мектеп педагогикасы	Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша білім алып жатқан магистранттарға жоғары мектеп педагогикасының жалпы проблемаларын, әдіснамалық және теориялық негіздерін, оқыту мен тәрбиелеуді талдау дағдыларын, жоспарлау мен ұйымдастырудың қазіргі заманғы технологиялардың элементтерін түсінуге мүмкіндік береді.	3									v	
4	Басқару психологиясы	Психологиялық заңдар мен басқару заңдылықтары мен еңбек сапасын зерттеу арқылы адамдардың ұйымдасқан іс-әрекетін басқару дағдыларын қалыптастырады, ғылыми негізделген шешімдер қабылдау, басқа адамдардың іс-әрекеттерін құрылымдау, ұйымды басқару қабілеттерін қалыптастырады.	5		v		v			v			v
5	Педагогикалық практика	Танысу кезеңі: педагогикалық тәжірибені жоспарлау. Ғылыми-әдістемелік кезең: магистранттың тәжірибесі, оқытушылардың дерістеріне қатысу. Педагогикалық кезең;	2 15			v						v	

[illegible]

	оларды ҚР-да қолдану тәжірибесі	«Жоспарлау» АХС тобы. 400-499 «Ішкі бақылау» АХС тобы. 500-599 «Аудиторлық дәлелдемелер» АХС тобы. 600-699 «Үшінші тұлғаның жұмысын пайдалану» АХС тобы. 700-799 «Аудиторлық қорытынды және есептілікті ұсыну» АХС тобы. 800-899 «Арнайы облыстар» АХС тобы.																	
22	Корпоративті басқару жүйесіндегі компания	Компания жүйесінің мақсаты. Компанияда компаниясты ұйымдастыру. Компанияның корпоративті басқару органдарымен байланысы. Компания және іскерлік этика: корпоративті басқаруда заң бұзушылықтардың алдын алуға іскерлік этиканың орны; іскерлік этиканың корпоративтік кодексі. Компания-тәуекелдерді басқару: компания аясындағы реттеуші жүйелер; компания-тәуекелдерді басқару үлгілері. Компания аясында қызметтерді реттеу ерекшеліктері.	5	v										v					
23	Бизнестегі заңтану	Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдастыру-құқықтық нысаны. Жеке кәсіпкерліктің ерекшелігі. Кәсіпкерлік қызметті лицензиялаудың маңызы мен ерекшеліктері. Коммерциялық қызметті айрықшалау құралдары. Міндетті құқық. Өкілеттік және сенім хат. Шаруашылық құқықбұзушылық үшін заңдық жауапкершілік. Кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау.	5											v					